

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

03.08.2017 ж.  
сағ.: 11:04

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы.

**Комиссия мүшелері:** Б.Ә. Орынбеков - ММРК төрағасы орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Ажигулова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, А. И. Әліпбай - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың м.а., Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.


(Қатыспаған: Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, еңбек демалысында, 2017 жылғы 21 шілдедегі №57-д бұйрығы).

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының көлемін төмендету.

2. 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №772 лоттың көлемін азайту тәсілімен бөлшектеу және №1413 - №1416 лоттарымен толықтыру.

3. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №951 - №1412 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 41,42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % ға төмендету.



1. Тендерлік комиссия күн тәртібінің бірінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39 бабы 3 тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 01 тамыздағы мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шартқа байланысты №352 лотының көлемі «шәй» 0,01 тоннаға төмендетілсін:

Осы аталған шешімге дауыс берді:  
тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,  
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2. Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағын қарастырып және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тиімді сату мақсатында ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №772 лоттың көлемін азайту тәсілімен бөлшектелінсін және №1413 - №1416 лоттарымен толықтырылсын.

Осы аталған шешімге дауыс берді:  
тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,  
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

3. Тендерлік комиссия күн тәртібінің үшінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қағидалардың 41, 42 тармақтарына сәйкес №951 - №1412 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасы 10 % ға төмендетілсін.

Осы аталған шешімге дауыс берді:  
тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,  
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 03 тамыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 03 тамыздағы сағат 11.24-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 03 тамыздағы өзгiстер есебiмен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібiмен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 41 бетте.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.




**Комиссия мүшелері:**


Орынбеков Б.Ә.




Ахметов Б.Қ.



Шәкірбаев М.С.



Иманбаев Н.М.



Ажигулова М.Ж.



Әліпбай А.И.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

